

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 26 мамырдағы N 434 қаулысына өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 наурыздағы N 288 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 маусымдағы N 889 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасының қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 26 мамырдағы N 434 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:
көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалардың тізбесінде:

10-1 және 13-тармақтар алынып тасталсын.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 21 наурыздағы N 288
қаулысына қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші
жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. "Ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарының туберкулезбен және бруцеллезбен ауруының алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі 1999-2003

жылдар кезеңіне арналған бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 наурыздағы N 215 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 8, 60-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 наурыздағы N 215 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 желтоқсандағы N 1886 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 54, 536-құжат).

3. "Ауыл шаруашылығы дақылдарының аса қауіпті зиянкестері мен ауруларының жаппай көбеюі мен таралуының алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі республикалық бағдарлама туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 мамырдағы N 772 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 23, 269-құжат).

4. "Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің, жануарлар мен микроорганизмдердің гендік қорын сақтаудың, дамыту мен пайдаланудың 2001-2005 жылдарға арналған" республикалық мақсатты бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 1 тамыздағы N 1167 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 32-33, 398-құжат).

5. "Қазақстан аймақтары бойынша 2001-2005 жылдары ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді, қайта өңдеуді және сақтауды ғылыми қамтамасыз ету" салалық ғылыми-техникалық бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 11 қыркүйектегі N 1378 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 40, 466-құжат).

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 наурыздағы N 215 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 қарашадағы N 1546 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 41-42, 530-құжат).